

<b>I кезең –</b>
1950 басқару есебінің мақсаты бюджеттеу мен шығындарды есептеу әдістерін қолдану арқылы шығындарды анықтау және қаржылық бақылау болды
<b>II кезең-</b>
1965 ж.шешім қабылдауды талдау және жауапкершілік орталықтары бойынша есепке алу сияқты әдістерді пайдалану арқылы басқарушылық жоспарлау және бақылау мақсатында Фокусты ұсыну жағына ауыстырылды.
<b>III кезең –</b>
1985 ж.технологиялық талдау мен шығындарды басқарудың нақты әдістерін қолдану арқылы бизнес – процестерге қатысатын ресурстардың шығынын азайтуға назар аударылды.
<b>IV кезең –</b>
1995 ж.ресурстарды тиімді пайдалану, ұйымдастырушылық инновацияларды басқару және білімді капиталдандыру арқылы бағалау әдістерін қолдану және шығындар көрсеткіштерін жоспарлау арқылы қосымша құнды құруды басқару салаларына назар аударылады.[3]

Басқарушылық шешімдер қабылдауға арналған ақпарат басқарушылық есепке алу жүйесінде қалыптасады және екі техникалық сипаттамаға сәйкес келуі керек: қалыптасу және құрылымдау дәрежесі, сондай-ақ сапалық сипаттамалары: түсінушілік, ақыл-ой, маңыздылық, сенімділік, шынайы көрініс, бейтараптық, сақтық, мазмұнның формадан басымдығы, толықтығы, салыстырмалылығы және уақтылығы. [4]

Егер біз басқарушылық есепті кеңейтілген түсіндіруде қарастырмасақ, бұл оны басқару шешімдерін қабылдау үшін кәсіпорын менеджерлеріне қажет ақпаратпен шектеуді білдіреді.

Басқару есебі-бұл жалпы алғышарттардан туындауы үшін жеткілікті күрделі жүйе. Тарихи тәжірибе көрсеткендей, оның жалпы теориялық тұжырымдамасының негізі неоклассикалық Экономикалық теория болып табылады, негізінен позитивизм философиясымен үйлеседі, сонымен қатар ғылыми басқарудың классикалық және неоклассикалық мектептері, олар әрине, қоғамдық экономикалық санада үстем жағдайға ие болуы керек. Бұл шарттар кез-келген елде басқару есебінің пайда болуы үшін міндетті болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі:

- 1.Международный журнал экспериментального образования №12, 2011, УПРАВЛЕНЧЕСКИЙ УЧЕТ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА: Герасимова Л.Н. Финансовый университет при Правительстве Российской Федерации
- 2 .<http://economix.in.ua/books/konspekti/1/upravluchet/12/12.php>
- 3.<https://scienceforum.ru/2018/article/2018001393>
- 4.<https://cyberleninka.ru/article/n/upravlencheskiy-uchyot-i-ego-rol-v-upravlenii-organizatsiey>

**Мәжит І.Б.**, Қазғұтынуодағы Қарағанды Университеті, Бизнес, Құқық және Технология Факультеті, Ю-18-1К тобының студенті

(Ғылыми жетекші – Мағдатова Қымбат Жанатқызы, аға оқытушы)

### **ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАБАНДАНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАМЫНЫҢ ЭКОНОМИКАСЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ**

Байырғы заманнан мемлекетіміз географиялық орналасуымен ерекшеленеді. Нақтырақ айтсақ, ежелден бері Ұлы Жібек Жолы қазақ даласы арқылы өтіп, Шығыс пен Еуропа елдерін байланыстыратын сауда көпірі болды. Сайын даламыз арқылы Қытайдан, Ресейден, орталық Азия мемлекеттерінен Еуропаға дейін түрлі тауарлар тасымалданғаны мәлім.

Қазіргі таңда жоғарыда аталып кеткен ерекшелік экономикалық контрабанданың дамуына қолайлы болып отыр. Яғни, мемлекетіміз арқылы заңсыз тауарлар өтеді және елімізге кіреді. Қазақстанда экономикалық контрабанданың бірқатар географиялық ерекшелігін атап өтер болсақ, Қазақстан Республикасы орасан зор географиялық кеңістікке ие, аумағы бойынша әлемде тоғызыншы орында, 5 мемлекетпен шектеседі. Шекараның жалпы ұзындығы- 12 мың 187 километр. Бүгінгі күні

казакстандық кеден қызметінің мамандары 18 автомобиль, 5 теміржол, 2 теңіз, 11 әуе өткізу пункттерінде бақылауды жүзеге асырады. Алайда, қолданыстағы өткізу пункттері көлік құралдарын, тауарлар мен адамдарды бақылауды және ресімдеуді сапалы жүзеге асыра алмайды.

Контрабанда- кеден заңдарын бұза отырып, мемлекет территориясы арқылы тауарды, басқа да заттарды заңсыз түрде өткізу.

Экономикалық контрабанданың мемлекеттің қауіпсіздігіне тигізетін залалдары:

1. Елдің бюджет жүйесі кірістерінің деңгейі төмендейді. Яғни, бюджеттің құрамына кедендік төлемдердің, салықтар мен алымдардың белгілі бір көлемінің толық түспеуі;
2. Көлеңкелі экономиканың деңгейі өседі. Сәйкесінше, мемлекетте қылмыстық құқық бұзушылықтар, ұйымдасқан қылмыстық топтар көбейеді.
3. Жергілікті кәсіпорындардың және мемлекеттің беделіне нұқсан келтіреді.
4. Мемлекеттегі халықтың өміріне және денсаулығына қауіп төнеді. Себебі, контрабандалық тауарлар арнайы тексерістен өтпейді және мемлекет тарапынан қадағаланбайды.

Экономикалық контрабандамен айналысатын қылмыстық қоғамдастықтардың азаймауының бір себебі- қылмыскерлерде контрабандалық каналдың болуында. Контрабандалық канал- мемлекеттік және кеден шекарасынан кеден бажын төлемей, жүктерді өткізуге мүмкіндік тудырушы байланыстар мен шаралар жүйесі. Яғни, жоғарыда атап кеткендей, осындай канал бар жерде- ұйымдасқан қылмыстылық бар.

Экономикалық контрабанда масштабты және ұйымдастырушылық сипатқа ие болғандықтан, соңғы жылдары қарқынды өсіп келуде.

Қазіргі таңда Қазақстанда экономикалық контрабанданың өсу себептеріне:

- елімізде салық түрі және баждар есебі тым жоғары болуы;
- кеден ставкасы да жоғары болғандығынан, шынайы импортердің контрабандист болу ықтималдығы;
- кеден органдарының қызметкерлерінің біліктілік деңгейінің төмен болуы;
- жергілікті халықтың құқықтық мәдениет деңгейінің төмен болуы жатады.

Экономикалық контрабанданың тікелей объектісі- кеден шекарасынан өткізілетін тауарлар және заттарды реттейтін қоғамдық қатынастар.[4, 60-61б.]

Заң әдебиеттерінде заңгерлердің экономикалық контрабанда объектісін анықтауға қатысты әртүрлі ұстанымдары бар. Мысалы, профессор М.М. Алиевтың айтуынша, қылмыстың тікелей объектісі кедендік бақылаудың белгіленген тәртібі, кедендік шекара арқылы өткізу шарттары, ҚР-ның мүдделері, егемендігі мен қауіпсіздігі болып табылады. Ал, «Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы. Ерекше бөлім» кітабының авторлары, профессорлар И.И. Рогова және С.М. Рахметованың пікірінше, қылмыстың тікелей объектісі- Қазақстанның нарығы.[5,116б.]

Экономикалық контрабанда субъективтік жағынан- тікелей қасақаналықпен істеледі. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі- 16 жасқа толған, есі дұрыс адам.[4,61б.]

1997 жылы 18 шілде айында қабылданған «Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының №10 нормативтік қаулысының 3 пунктына сәйкес экономикалық контрабанда аяқталған қылмыс деп танылады:

1. Жасырын алып кіру және шығару жүргізілген кезде тікелей шекараны қиып өткен сәттен бастап;
2. Ашық алып өту сынайымен алып кірген кезде- кедендік декларация тіркелген сәттен бастап;
3. Ашық алып өту сынайымен алып шыққан кезде- кедендік декларация тіркелген сәттен бастап.

ҚР Қылмыстық кодексінің 286 бабына ( Айналыстан алып қойылған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы) сәйкес, контрабандалық тауарларға мыналар жатады:

- есірткі, психотропты заттар;
- прекурсорлар;
- күшті әсер ететін улы, уландырғыш, радиоактивті заттар;
- қару-жарақты, әскери техниканы, жарғыш құрылғыларды және т.б. жаппай қырып- жою қаруларын жасау үшін пайдаланылуы мүмкін материалдар мен жабдықтар.

Аталып кеткен тауарларды ірі мөлшерде кедендік шекарадан өткізген әрекеттер-қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы. Құрылысы жағынан қылмыстық құқық бұзушылық- формальды болады.

Соңғы кездегі статистикалық көрсеткіштерге сәйкес көптеген экономикалық контрабанда қылмыстары аяғына дейін жеткізілмей, ашылмай қалып отыр. Оның себебі: бір жағынан қылмысты ұйымдастырушылардың кәсіпқойлығы, олардың жоғарғы техникалық құрал жабдықтармен

жабдыкталуы, құқық қорғау органдарының оперативті қызметі туралы нақты мәліметтерінің болуы, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің дайындық деңгейінің төмен болуы.

Жыл сайын қазақстандық шекарашылар контрабанданың 5 мыңға жуық фактісін тіркейді. Бұл дәрі-дәрмектер, «Қызыл кітапқа» енген жануарлар терісі, суық қарулар, оқ дәрілер.

Қаржы мониторингі комитетінің мәлімдеуінше, 2019 жылы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінде экономикалық контрабанданың 28 фактісі тіркеліп, оның 8 ісі сотқа жіберілген. 8 істің 7-і бойынша айыптау үкімі шығарылды. Бұл ретте 2019 жылдың тоғыз айында анықталған контрабандалық өнімнің кедендік құны 8,4 млрд теңгені құрайды.[6]

Бұдан бөлек, 2020 жылдың қаңтар айында ірі мөлшерде, яғни 198,8 млн теңгеге тауар тасымалдаған контрабандисттер ұсталды.

Дегенмен, алдыңғы жылдардағы статистикамен салыстырған бұл жақсы көрсеткіш деп есептеймін. Себебі «Transparency Kazakhstan» зерттеу нәтижелері бойынша 2013-2018 жылдар аралығында Қазақстанға әкелінетін тауарлардың тек 10%- 45%-ына ғана кедендік БАЖ салығы салынатыны көрсетілген.[7]

Заңсыз тауарлар көбінесе Қытай, Қырғызстан, Швейцария, Польша, Өзбекістан, АҚШ мемлекеттерінен келеді және шекарадан өтеді.

ҚР Қылмыстық кодексінің 234 бабында (Экономикалық контрабанда) қылмыстық құқық бұзушылықтың осы түріне тағайындалатын санкция көрсетілген:

1. Кедендік бақылаудан тыс немесе одан жасырын не құжаттарды немесе кедендік сәйкестендіру құралдарын алдап пайдалана отырып жасалған не декларацияламаумен немесе көрінеу анық емес декларациялаумен не тауарларға арналған декларация берілгенге дейін тауарлар шығару туралы өтініште не уақытша әкелу (рұқсат беру) кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар болып табылатын, уақытша әкетілген халықаралық тасымалдау көлік құралдарына қатысты операциялар жасау туралы өтініште көрінеу анық емес мәліметтер көрсетумен, оның ішінде жарамсыз, қолдан жасалған және (немесе) көрінеу анық емес (жалған) мәліметтерді қамтитын құжаттар ұсынумен ұштасқан, ірі мөлшерде тауарларды немесе өзге де заттарды, оның ішінде осы Кодекстің 286-бабында көрсетілгендерді қоспағанда, кедендік шекара арқылы өткізуге тыйым салынған немесе шектелген, кедендік шекара арқылы өткізудің арнайы қағидалары белгіленген тауарларды, заттар мен құндылықтарды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, сексен айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жиырма тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

Егер де қылмыстық іс-әрекет бірнеше рет жасалса, адам қызметтік бабын пайдаланып жасалса, аса ірі мөлшерде, адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен жасалса, қылмыстық топ жасаса санкция қатаңдатылады. Яғни мүлкі тәркіленіп, 3 жылдан 8 жылға дейін бас бостандығынан шектеледі немесе айырылады.

Экономикалық контрабандамен байланысты қылмыстарды тыюды жетілдіру үшін құқық қорғау органдарының қызметкерлері контрабандистер пайдаланатын әдістерді білуі қажет. Сондықтан да барлық құқық қорғау органдарының өзара тығыз байланыстағы әрекеті мен ынтымақтастығы экономикалық контрабандамен күресуде сапалы нәтижеге жетудің бір белгісі. [3,116.]

Біздің елімізде де экономикалық контрабандаға қарсы күрес шаралары қажет деп есептеймін. Мысалы:

- ҚР Қылмыстық кодексіне және өзге де заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу (экономикалық контрабанданың жекелеген нысандарына қылмыс санатына байланысты жауаптылықты қатаңдату, экономикалық контрабанданың жоғары деңгейде сақталуына себеп болып отырған- кеден заңнамасында сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету);

- Мониторинг функциясына көп көңіл бөлу;

- Ұлттық заң нормаларын біріздендіру жолымен экономикалық контрабандаға қарсы күрес саласындағы халықаралық ынтымақтастықты оңтайландыру мәселелерін қолға алу керек.

Сөздің тобықтай түйінін айта келе, мемлекеттің экономикасын дамыту мақсатында экономикалық котрабанданы жою- заман талабы.

« Шешен кісі- сөз бастар, адал кісі- ел бастар» деп қазақтың ұлы жырауы, жыршысы Жамбыл Жабаев айтып кеткендей, Қазақстанның экономикасы, болашағы- кеденшілердің қолында. Еліне адал қызмет атқаратын адам- шекарадан елімізге өтетін, шығарылатын тауарларды мұқият тексеруі тиіс. Кеден қызметкерлерінің кәсіби біліктіліктерін арттыруға көп көңіл бөлген дұрыс.

Экономикалық және саяси жағдайларда заң шығарушы орган мемлекеттің сыртқы экономикалық мүдделерін барынша тиімді қорғауды қамтамасыз етуге ұмтылуы тиіс деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2014 жылы 3 шілде айында қабылданған Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі.
2. 1997 жылы 18 шілде айында қабылданған «Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік жөніндегі заңдарды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР Жоғарғы Сотының №10 нормативтік қаулысы.
3. Б.С.Сарсеков. Экономическая контрабанда в Казахстане: проблемы и пути их преодоления. Караганда. 2007 год.
4. К.А. Бейкенжина, Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды саралау мәселелері: Оқу құралы.- Карағанды: Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, 2018.- 98б.
5. Б.У. Сейтхожин, Преступления в сфере экономической деятельности: понятие виды, ответственность:/ Под. ред. академика АЕН РК, д.ю.н., проф. И.Ш. Борчашвили.- Алматы: Жеті жарғы, 2007.-176с.
6. www.lsm.kz
7. www.m.forbes.kz

**Мейрамова К.Б., Саятова Н.Е.,** Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, экономический факультет, гр. ПиУП-12, студент  
(*Научный руководитель - м.э.н., старший преподаватель Жартай Ж.М.*)

## МОЛОДЕЖНОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО КАК ФАКТОР УСТОЙЧИВОГО СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РОСТА

В современных условиях повышается актуальность эффективного развития предпринимательства, обеспечивающего достижение баланса экономических и социальных целей общественного развития. Решение этой комплексной задачи выдвигает высокие требования к оценке предпринимательской деятельности как ключевого звена экономики, определяющего базу социально-экономического развития региона и республики.

В современных условиях предприниматель способствует решению ряда важных задач, таких как формирование рыночной структуры экономики и конкурентной среды; насыщение рынка продуктами; занятость и самозанятость населения; увеличение налоговых поступлений; формирование среднего класса; укрепление деловой этики. От наличия в обществе молодежного предпринимательского потенциала и уровня его использования непосредственно зависят темпы экономического роста, динамики и масштабов инвестиций, нововведений.

Вместе с тем, в современных условиях развития экономики значительно обострились проблемы, связанные с профессиональным самоопределением, трудоустройством и социальной защищенностью молодежи. Незначительный социальный опыт, слабые практические навыки применения экономических законов и механизмов создают трудности молодому поколению для включения их в цивилизованный мир рыночных отношений. В связи с этим обеспечение занятости молодежи, повышения ее благосостояния, развития сети услуг, может быть достигнуто за счет устойчивого развития предпринимательства. Оценка социально-экономического развития предпринимательства позволяет выявить как положительный опыт и эффективность решения проблем, так и упущения по конкретным направлениям; стимулирует использование положительного опыта, формирующегося на тех или иных территориях.

В условиях модернизации экономики страны происходит качественный переход к модели «экономики знаний», где инновации меняют сырьевые материалы, которые были доминантным фактором прошлой индустриализации. Критическая масса молодых предпринимателей-инноваторов с их способностью к активной инновационной деятельности способствует социально-экономическим и технико-технологическим изменениям, что особенно актуально для углубления развития постиндустриальных тенденций в отечественной экономике. При таких условиях возникает необходимость построения доктрины становления молодежного инновационного предпринимательства в стране на рубеже финансовых кризисов и перехода к стабильному развитию.

Молодежь Казахстана в возрасте от 14 до 29 лет – это 27% населения страны, ее численность сегодня составляет 4,5 миллиона человек. Из них в городской местности проживает 2,6 миллиона, в сельской – 1,9 миллиона человек.